

«МЕНИҢ АТЫМ - ҚОЖА» ШЫҒАРМАСЫ ӨШПЕС МҰРАҒА АЙНАЛДЫ

«Оқитын Балалар - оқитын Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарлама барысында еліміздегі көптеген балаларға арналған кітапханаларда көне шығармалар мен ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармаларын жаңғырту қолға алынған болатын.

Ал қазақ балалары үшін «Менің атым - Қожа» шығармасы ең таңдаулы туындының бірі болып табылады.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасын оқымайтын балаларды табу өте қиын. Біздің ата-аналарымыз, аға-апаларымыз осы шығарманы оқып өсті. Өлі де қайталап оқып келеді. Осы кітапты өзіміздің республика ғана емес, бүіл өлем таниды. Шығарма қырықтан астам елдің тіліне аударылған. Бердібек Соқпақбаев өзінің балалық шағынан алған әсерлерін көпке дейін ұмыта алмай, сол көріністерін оқырмандарға жеткізуге тырысты. Бұл шығармада Бердібек аға балаларға бала болып сырын ашады, жамандығын да, жақсылығын да жасырмай жазады. Қожаның жақсы үлгісі өз-өзін түзете білу, төпек болмауға, оғаш қылық жасамауға тырысуы. Сондықтан да болар, Қожа ерқайсымыздың жаньмызға жақын да, таныс көйпкер. Қожа - қазақ балаларының Том Сойер сияқты сүйікті көйпкері.

Кинорежиссер Абдолла Қарсақбаев түсірген «Менің атым - Қожа» фильмі дүниежүзін аралады. Өлем халқы оны өзінің топ шығармасындай етіп қабылдады.

Сондықтан да, оқырмандар мен көрермендердің ілтипатына бөленген қызықты шығарманы оқығысы келетін балғындарға өркез едіміз ашық.

Рашпа ГАЛIMOBA.

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың балалар бөлімінің кітапханашьсы.

